

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы
Техникалық және қорғаныс-өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы келісімді бекіту
туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 13 ақпандағы N 207

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылғы 3 қыркүйекте Анкарада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы Техникалық және қорғаныс-өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.
2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімі туралы Түрік Тарапын белгіленген тәртіппен хабардар етсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрік
Республикасы Үкіметінің арасындағы Техникалық
және қорғаныс-өнеркәсіптік ынтымақтастық туралы
Келісім**

(1997 жылғы 24 ақпанда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан былай "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі және
Түрік Республикасының Үкіметі,
өзара тең халықтар арасындағы достық қарым-қатынастарды дамыту принципін
басшылыққа ала отырып және Біріккен ұлттар Хартиясына сәйкес халықаралық
бейбітшілік пен қауіпсіздікке қол жеткізу үшін біріккен күш-жігер салушылар ретінде,
1994 жылғы 8 тамыздағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрік
Республикасының Үкіметі арасындағы әскери ғылым, техника және білім беру
саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімнің" ережелерін ескере отырып,
төмендегілер жөнінде келісті:

I Бап

Келісімнің мақсаты

Осы Келісімнің мақсаты - Қазақстан Республикасының Үкіметі және Түрік
Республикасының Үкіметі арасындағы әскери өнеркәсіп саласындағы
ынтымақтастықты жақсарту болып табылады.

II Бап

Келісім қызметінің өрісі

Осы Келісім Тараптардың Қорғаныс министрліктеріне, Қарулы Күштеріне, екі Тараптың тиісті ұйымдары мен кәсіпорындарынатаратылады.

III Бап

Терминдер

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мына терминдер пайдаланады:

1. "Қорғаныс өнеркәсібінің материалдары мен қызметтері" олардың техникалық және тылдық қамтамасыз ету кешенімен бірге қару-жарақты және әскери техниканы, сондай-ақ оларды жасау үшін қажетті құрал- жабдықтарды білдіреді.

2. "Техникалық" қаруды және қару-жарақтың кешенін жасауға, қызмет көрсетуге, сынауға және жетілдіруге қатысы бар барлық технология мен техникалық өңдеулерді білдіреді.

3. "Жіберуші мемлекет" осы Келісімнің мақсаттары үшін қабылдаушы мемлекетке қызметкерлерді, мүлікті және құрал-жабдықтарды жіберуші Тарапты білдіреді.

4. "Қабылдаушы мемлекет" осы Келісімнің мақсаттары үшін жіберуші мемлекеттің қызметкерлерін, мүлікті, құрал-жабдықтарды өз аумағында қабылдаушы Тарапты білдіреді.

5. "Шақырылған қызметкерлер" осы Келісімнің мақсаттары үшін Тараптар әрқайсысы өз аумақтарында қабылдайтын әскери қызметкерлер мен азаматтық тұлғаларды білдіреді.

6. "Қарауындағы адамдар" Тараптардың ұлттық заңдылықтарына сәйкес шақырылған қызметкерлер қамқорлық көрсетуге міндетті жанұя мүшелерін білдіреді.

7. "Өкілетті ведомстволар":

Қазақстан тарапынан: Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігін, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі жанындағы қорғаныс өнеркәсібі бойынша комитеті және Қазақстанның Анкарадағы Елшілігін;

Түркия тарапынан: Түрік Республикасын Ұлттық қорғаныс министрлігін және Түркияның Алматыдағы Елшілігін білдіреді.

IV Бап

Ынтымақтастық принциптері

Жоғарыда аталған мақсаттарды жүзеге асыру үшін Тараптар:

1. Қорғаныс бағытындағы материалдарды және қызметтерді жетілдірудің және жасаудың біріккен бағдарламаларының өндірістік және технологиялық мүмкіндіктерін

2. Тараптар Қарулы Күштерінің уақыт күттірмейтін мұқтаждықтарына, және ол үшін Тараптар арасында арнайы келісім жасалатын басқа елдер мұқтаждықтарына бағытталған материалдарды жасауды және қызмет көрсетуді жетілдіру мақсатында екі Тараптың ғылыми, техникалық және өнеркәсіп мүмкіндіктерін пайдалануға;

3. Техникалық мәліметтермен алмасуда және қорғаныс өнеркәсібіндегі ынтымақтастықтың басқа да түрлерінде өзара көмек, бұдан да былай жәрдем көрсетуге;

4. Қорғаныс өнеркәсіптерінің материалдары мен қызметтері осы Келісімнің шеңберінде алынған жағдайда ғана екі елдің мемлекеттік ұйымдары және мекемелері арасындағы тікелей келісімдер арқылы өзара негізде қорғаныс өнеркәсіптерінің материалдарымен қамтамасыз етуге жәрдемдесуге;

5. Қорғаныс өнеркәсіп өнімдерін, сондай-ақ олардың қосалқы бөлшектерін одан әрі жетілдіру мен бірігіп жасауға бағытталған екі ел мемлекеттік мекемелерінің және кәсіпорындарының арасындағы келісімдеріне қолдау және жәрдем көрсетуге келісті.

V Бап

Ынтымақтастық өрісі

Осы Келісіммен қарастырылған ынтымақтастық бағдарламасы, атап айтқанда, бірақ ерекше емес жағдайда, келесі іс-қимылдың түрлерінен:

Тараптармен келісілген қорғаныс өнеркәсібінің материалдарын бірігіп жетілдіру мен жасауды;

біріккен жобалар шеңберінде жетілдірілген және жасалған материалдарды екі Тараптың ие болуын қамтиды.

VI Бап

Біріккен Комитет және оның қызметі

1. Осы Келісімнің ережелерін жүзеге асыру мақсаттарында Тараптар, әр Тараптан жеті адамнан аспайтын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің қару-жарак бойынша орынбасарының және Түркия Қорғаныс министрі көмекшісінің орынбасары және Ұлттық қорғаныс министрлігінің Ұлттық қару-жарак директорының басшылық етуімен Тараптар Біріккен комитет тағайындайды. Бұдан басқа, қажет болған жағдайда, Комитетке қосымша сарапшылар енгізілуі мүмкін.

2. Біріккен Комитеттің мәжілістері бір жылда бір рет кезекпен екі елдің біреуінде өткізіледі. Оның қызметіне:

- a. Өзара қызметтің мүмкін салаларын анықтау;
- b. Жобаларды таңдау және зерттеу, оларды бірігіп жүзеге асыру үшін процедураларды анықтау;
- c. Келісімдерді өкілденген мемлекеттік ведомстволардың талқылауына ұсыну;

d. Біріккен бағдарламаларды жүзеге асыру үшін әрбір елде тиісті өнеркәсіптер мен мекемелерді анықтау, әрбір жобаны қамтамасыз ету бойынша жекелеген нұсқауларды ж а с а у ;

e. Екі елдің кәсіпорындары, мемлекеттік ұйымдары және өнеркәсіптері арасындағы тікелей байланысқа жәрдем көрсету;

f. Үшінші елдермен бірлескен жобаларға қатысуға байланысты өкілетті мемлекеттің ведомстволардың талқылауына кепілдемелер мен ұсыныстарды ұсыну кіреді.

VII Бап

Мәліметтердің құпиялылығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Осы Келісімді жүзеге асыруға байланысты қауіпсіздік шараларды Тараптардың мемлекеттік қауіпсіздік органдары бекіткен ережелерге сәйкес іске асырылады.

2. Мәліметтер, бұйымдар, жобалар немесе құжаттардың қауіпсіздік принциптерін және сақтау шараларын анықтау кезінде Тараптар техникалық мәліметтерді беруші Тараптың құпиялықты сақтау бойынша ережелерін басшылыққа алады.

3. Өндіруші-ел алушы елге мәліметтердің құпиялылық дәрежесіндегі өзгерістер туралы у а қ т ы л ы х а б а р л а п т ұ р а д ы .

4. Кез-келген құпия мәліметті, материалдарды және құрал-жабдықтарды айырбастау үшін осы Келісім шеңберінде басып шығару, беру уақытша немесе біржола беруге рұқсат ету мақсатында қосымша келісімдер жасалады және қол қойылады.

5. Осы Келісім шеңберінде алынған мәлімет үшінші елге тек қана екі Тараптың өкілетті ведомстволарының жазбаша келісімімен берілуі мүмкін.

6. Тараптар айырбастаған қандай да бір мәлімет басқаларға мәлім болған жағдайда екінші Тарап бұл туралы шұғыл түрде хабарландырылады.

VIII Бап

Тараптардың басқа халықаралық Келісімдер бойынша міндеттері

Осы Келісім ережелерінің екі Тарап оларға қатысушы болып табылатын басқа халықаралық келісімдердегі Тараптардың міндеттеріне қатысы жоқ, және басқа мемлекеттердің мүдделеріне, қауіпсіздігіне және аумақтың тұтастығына қарсы бағытталмаған.

IX Бап

Қолдану принциптері

1. Осы Келісім шеңберінде Тараптар алмасқан мәлімет Келісімнің IV және V баптарына ғана сәйкес қолданылады.

2. Осы Келісім бойынша өзара қарым-қатынас тиісті қорлардан тәуелді және әрбір

елдің заңдары мен ережелеріне сәйкес іске асырылады.

3. Тараптардың әрқайсысының біріккен жобаларда орындалған өнер табыстары мен өндірулерге байланысты өндірістік меншікке, өз аумағында материалдарды жасауға, лицензиялар беруге, патенттерді сатуға және сақтауға қатысты құқықтары мен міндеттері әрбір елдің ой меншігіне құқықтарды реттейтін іс жүзіндегі заңдары мен ережелеріне сәйкес әрбір жобаны жүзеге асыру бойынша келісімдердің көмегімен анықталады.

4. Тараптар зерттеп болып және өзара келіскеннен кейін Біріккен қазақ-түрік жобасына қатысу үшін үшінші елдерді шақыра алады.

X Бап

Заңдық, қаржы, әкімшілік сұрақтары және денсаулық сақтау сұрақтары

1. Осы Келісім шеңберінде қызмет жүргізу үшін жіберілген шақырылған қызметшілер туыстарымен бірге тұлғалар қабылдаушы елдің мемлекеттік шекарасын кесіп өткенде, сондай-ақ болу кезеңінің барлық уақытында қабылдаушы елдің заңдары мен ережелеріне бағынады.

2. Әкімшілік сұрақтары және денсаулық сақтау сұрақтары, құқықтық және қаржылық міндеттер, барлық талаптар және өзара шығындардың түріне, уақытына, орнына және төлеу шарттарына, өндеуді жүзеге асыруда, жасауда, қамтамасыз етуде, техникалық қызмет көрсетуде, қызметкерлермен және инфрақұрылымдық қызмет көрсетуді жүзеге асыруға қатысты процедуралар әрбір жобаны жүзеге асыру үшін дайындалған хаттамаларда тиянақты түрде жазып көрсетіледі.

XI Бап

Өзгерістер және толықтырулар

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

XII Бап

Даулы сұрақтарды шешу

1. Осы Келісімді пайдалануға және түсіндіруге, сондай-ақ осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге байланысты даулы сұрақтарды Тараптар келіссөздер және консультациялар жолымен шешеді.

2. Тараптардың біреуінің жазбаша талабы бойынша жоғарыда көрсетілген сұрақтар бойынша талқылаулар 30 күнге дейін мерзім ішінде жүргізіледі. Егерде 60 күн ішінде шешім қабылданбаса, екінші Тарапты жазбаша хабарландыра отырып, әрбір Тарап 30 күн ішінде осы Келісімді бұза алады.

ХІІІ Бап

Қорытынды ережелер

1. Осы Келісім Тараптардың бір-біріне өздерінің қажетті ішкі мемлекеттік процедураларды орындалғандығы туралы жазбаша мәлімдемелерінің күнінен бастап күшіне енеді.

2. Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды. Егерде осы Келісімнің бітуіне 90 күн қалған мерзім ішінде Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа оны тоқтатқандығы туралы мәлімдемесе, оның қызметі әрбір кезде бір жылға ұзартылуы мүмкін.

3. Осы Келісімнің қызметін тоқтату Тараптардың бұған дейінгі тағайындалған принциптеріне сәйкес жүзеге асырылатын қандай да болса жоба, бағдарлама немесе контракттың бітуіне әсерін тигізбейді.

4. Ойлап табулар, жобалар және басқа мәліметтерді сақтауға байланысты Тараптардың тиісті міндеттері Тараптардың біреуінің шыққанына, осы Келісім мерзімінің тоқтағанына немесе біткеніне қатыссыз жалғастырыла береді.

Осы Келісім 1996 жылы 3 қыркүйекте Анкара қаласында екі нақты данада, төрт: қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық текстің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер пайда болған жағдайда тараптар Келісімнің ағылшын тіліндегі тексін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Түрік Республикасының

Үкіметі үшін